

Б.А. Амалбекова*, Б.Қ. Исабек

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: amalbekova_b@fmh.nis.edu.kz; barsha73@mail.ru)

Тарихтағы тұлғатану мәселесі және Бауыржан Момышұлының өмірі мен қызметі

Бауыржан Момышұлы — Қазақстан тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі. Ол даңқты қолбасшы және жазушы, біртума тұлға. Оның еңбектерінің отансүйгіштікке тәрбиелеудегі маңызы зор және бұл еңбектер еліміздің тарихындағы әскери жанрдағы әдеби туындылардың алғашқылары болып табылады. Сондықтан аталған мақалада библиографиялық әдісті қолданудың негізінде Бауыржан Момышұлының өмірі мен қызметі қарастырылған. Авторлар халық батырының Ұлы Отан соғысындағы, соның ішінде Мәскеу түбіндегі шайқаста көрсеткен ерлігіне талдау жасаған. Сонымен қатар мақалада Қазақстан территориясындағы қалыптасқан әскери құрамаларға назар аударылған, Б. Момышұлының Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі шығармашылық қызметіне және туындыларына баға берілген.

Кілт сөздер: Бауыржан Момышұлы, Ұлы Отан соғысы, Мәскеу үшін шайқас, Қазақстан тарихы, Б. Момышұлының еңбектері.

Кіріспе

Ұлы Отан соғысы — Екінші Дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі және ХХ ғасырдың трагедиясы, осымен бірге ұрпақтардың санасында өшпес із қалдырған дүниежүзілік тарихи маңызға ие болған оқиғалардың бірі екені белгілі. Қазақстан территориясында әскери қимылдар болмағанымен, еліміздің халқы соғысқа және Кеңес Армиясын қажеттіліктермен қамтамасыз етуге белсенді түрде қатысты. Ұлы Отан соғысы кезеңінде миллионнан астам қазақстандықтар (халықтың 20 пайызы) майданға аттанған. Көптеген қазақстандықтар соғыстың маңызды қайнаған орталарында — Мәскеу түбіндегі, Сталинград түбіндегі және Курск дугасында шайқасқа түсті, осымен бірге Еуропаны азат ету мен Берлинді жаулап алуға қатысты.

Соғыстың басталысымен жүз мыңдаған қазақстандықтар өз еріктерімен майданға аттануға қалауларын білдірді және майданда ерекшеленгендер — 8-ші, 20-шы, 73-ші гвардиялық және 387-ші атқыштар дивизиялары болды. Мәскеу үшін шайқаста ерекше көзге түскен — Алматыда қалыптасқан 8-ші Панфилов гвардиялық дивизиясы болды. Осылайша, Ұлы Отан соғысының маңызды оқиғаларының бірі — Мәскеу үшін шайқаста Қызыл армияның жеңіске жетуіне қазақстандық жауынгерлер үлкен үлес қосып, шайқаста ерлік пен батылдық көрсетіп, өз халқының дәстүрі мен әскери кодекске адалдық танытты. Осындай қазақ әскерлерінің қатарында өзінің стратегиялық ой-өрісі және жедел (оперативті) қабілеті жағынан көзге түскен әйгілі әскери қайраткер және Мәскеу үшін соғыста өзінің әскери қабілетін жүзеге асыра білген Бауыржан Момышұлының орыны ерекше. Бауыржан Момышұлы — тек қана Халық қаһарманы емес, сонымен бірге әйгілі жазушы, әскери саладағы алғашқы қазақ ғалымы, ойшылы және көрнекті әскери қолбасшы. Сондықтан, Бауыржан Момышұлының өмірі мен тарихта өзіндік ерекше орыны бар қызметін зерттеудің маңызы жоғары.

Осымен бірге, тарих ғылымындағы тұлғатанудың өзекті мәселелерін талқылау, тұлға тарихын зерттеу арқылы ұлттық тарихтың өзекті мәселелерін саралау, аталған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлерінің, халық батырларының өмірі мен қызметі, ұлтқа сіңірген еңбегі және Ұлы Отан соғысы батырларының ерліктері арқылы республиканың өскелең ұрпағын отансүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеудің де маңыздылығы зор.

Зерттеу әдістері

Қазақ батыры Бауыржан Момышұлының өмірі мен қызметін, оның Ұлы Отан соғысындағы ерліктерін зерттеу барысында историзм және объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Жүйелілік әдісі, сипаттау және талдау әдістері, осымен бірге библиографиялық әдіс Б. Момышұлының өмірі мен қызметін зерттеу барысында қолданылды.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: amalbekova_b@fmh.nis.edu.kz

Нәтижелері

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында малшының отбасында дүниеге келген. Әкесінің шын аты Момынәлі, бірақ халық арасында Момыш деп аталып кеткен. Ол 1911 ж. 92 жасында қайтыс болған Имаштың төртінші ұлы болған. Ал әжесінің есімі Қызтумас, қартайған кезінде оны Сарыкемпір, ақ әже деп атаған. Әкесі Момыш 33 жасында шаңырақ көтерген. Анасы Разия байтан руының ұрпағы Әбдірахманның қызы, ол Бауыржан үш жасқа келгенде қайтыс болған. Сол себептен, Бауыржан Момышұлының ана туралы барлық ойлары негізінен әжесі мен әкесінің әңгімелерімен қалыптасқан. Қазақ және орыс тілдерін бірдей еркін меңгерген ол сөзге шешен және ұтқыр ойға тапқыр болған. Ол заманауи жаратылыстанулық және қоғамдық білімдерді терең меңгерумен қатар, қазақтың өткен тарихын, шежірелері мен салт-дәстүрін өте жақсы білген. Бауыржан Момышұлы адам бойындағы сезім иірімдері мен жантолғаныстарын зерек түсініп, оны талдап тамырлай білген психолог.

Б. Момышұлы 1929 ж. тоғыз жылдық Әулиеата мектебін аяқтаған. Ал 1932 ж. әскерге шақырылғаннан кейін Отан алдындағы борышын өтеген. Әскери дайындық кезінде білім алып, мергендік өнерге машықтанады. 1933 жылы полктік мектепті бітірген. 1934 жылы әскерден келгенде запастағы командир болады. Одан кейінгі уақыттарда білімін жетілдіріп (Ленинградтың қаржы академиясында қысқа мерзімдік курстан өтеді), банк саласында қызмет етеді.

1936 ж. 25 наурызда Бауыржан Момышұлы қайтадан әскери қызметке шақырылып, Орталық Азия әскери округінің 315-ші атқыштар полкіне взвод командирі болып тағайындалды. Бір жылдан кейін оның полкі Қызыл Ту Қиыр Шығыс армиясының арнайы бөлімшесіне қосылып, Бауыржан жартылай ротаның командирі болды. Соғыс басталғанға дейін Момышұлы 105-ші атқыштар дивизиясының артиллериялық бөлімін басқарды. 1938 жылдың шілде-мамыз айларында Хасан көлінің маңында жапондық Квантун армиясымен болған шайқасқа қатысып, 1940 ж. ақпанда Киев Ерекше әскери округіне ауысып, 24-ші атқыштар дивизиясы мен 406-шы атқыштар полкінің штаб басқарушысының көмекшісі қызметін атқарған.

1941 ж. қаңтарында Алматыдағы Ортаазиялық әскери округіне ауысып, Қазақ КСР-ның республикалық әскери комиссиариатының аға нұсқаушысы болып тағайындалады. Ұлы Отан соғысы басталғаннан соң округте генерал-майор И.В. Панфиловтың басқаруымен 316-шы атқыштар дивизиясы құрылған соң 1941 ж. маусымында аға лейтенант Б. Момышұлы ондағы 1073-ші Талғар атқыштар полкі батальонының командирі болып тағайындалып, тамыздың аяғына қарай дивизиямен майданға аттанады. 1941 ж. қыркүйегінде дивизиямен бірге 52-ші жеке армияға ауысып, Кіші Вишера жанында қорғаныс шекарасын құруға кіріседі.

Мәскеу үшін шайқастың басталуына байланысты, 5 қазанда 316-шы атқыштар дивизиясы жедел түрде Волоколом бағытына жіберілді. Батыс майданының 16-шы әскерлер құрамында 316-шы атқыштар дивизиясы тұрақты түрде қорғанысты сақтап тұрды. Мәскеуді қорғау барысында аға лейтенант Б. Момышұлы 27 шайқасқа қатысқан. Жаппай ерлігі үшін КСРО халықтық қорғаныс комиссарының бұйрығына сәйкес 1941 ж. 8 қарашасында дивизияға гвардия атағы берілді және ол 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы деп аталды, ал Бауыржан Момышұлы соғысқан 1073-ші атқыштар полкі 19-шы гвардиялық атқыштар полкі деп аталды. 1941 ж. 16-18 қарашасы аралығындағы Вермахттың Мәскеуге екінші шабуылы барысында аға лейтенант Бауыржан Момышұлының батальоны Матренино деревнясындағы Волоколам жолында ерлікпен шайқасты [1]. Атап айтқанда, 1941 жылы 26-шы қазанда Б. Момышұлы оң жақ рубежде болған табан тірескен ұрыстардан кейін қоршаудан шығып, Волоколамск қаласына 690 адамды, 18 артиллерия жегінін, 30 пәуескені аман-есен алып келеді. Сөйтіп, 35 шақырымға созылған аралық рубежде ұйымдасқан түрде ұрыс жүргізе отырып, жау қоршауын бұзып өтіп, дивизияға келіп қосылады. 1941 жылы қараша айының 16-20 аралығында Момышұлының батальоны Волоколамск тасжолының бойындағы Горюны деревнясы ауданында, Матренино темір жол станциясында тағы да жау әскерінің қоршауында қалып, қиян-кескі ұрыс жүргізеді. Дұшпанның Мәскеуге шабуыл жасап бара жатқан басты күшін қақ ортасынан бөліп тастайды. Осы жағдайды пайдаланған дивизияның бөлімдері келесі рубежге барып бекінеді. Б. Момышұлы батальонының бұл қимылы тағы да дивизияның негізгі күшін шабуылдап келе жатқан жаудың соққысынан аман сақтап қалды. Осы шайқастарда батальон 600-дей гитлершілерді жер жастандырды, 6 танкіні жояды. Тағы бір ерен ерлігі, он үйі бар Лопастино деген деревняда 1941 жылы 25-ші қарашада бір ПТО, екі миномет, екі станокты пулеметпен қаруланған жарты взвод жауынгерлерді бастап, жау тұрағына түнде шабуыл жасап, 200 неміс солдатын жояды [2]. Б. Момышұлының бұл ерлігі жөнінде генерал-

полковник И.М. Чистяков былай деп жазған: «Мен 1073-ші атқыштар полкінің командирі майор Бауыржан Момышұлын соғысқа дейін-ақ Қиыр Шығыста бірлесе қызмет атқару арқылы білетінмін. Ол ұлты қазақ, мінезі қатал да қыңыр, келбетті жас қолбасшы еді. И.В. Панфиловтың оны ерекше батылдығы мен тапқырлығы үшін қатты бағалайтынын білдім. Мәскеу түбінде оның батальоны қоршауда қалып, бірнеше күн бойы полкпен байланыссыз, жаудың басым күштерімен шайқасты. Қиян-кескі ұрыстарда жауынгерлер екі күн бойы 400 фашистті жойып, олардың Волоколамск тас жолы бойымен алға жылжуын кешіктірді, содан кейін орман арқылы маневр жасап, қоршауды бұзып, өз полкіне аттанды. Осы шайқастан кейін Панфилов Момышұлының батальонын өзімен бірге резервте ұстап, ең қиын жағдайларда ұрысқа жіберді. Маған Момышұлының тағы бір қасиеті — шыншылдығы ұнайтын. Қанша қиын болса да, оның әрқашан шындықты айтатынын білетінмін, сонымен қатар қарамағындағылардан да соны талап ететін» [3].

Осы кезеңдегі Б. Момышұлының қолбасшылық қабілеті мен батылдығының дәлелі полковник Серебряковтың жауынгерлік есебінде «Жаудың артындағы дивизиядан 5 рет жыртылып, қоршаған ортада арнайы тапсырмаларды орындай отырып, Бауыржан Момышұлы өзінің батальоны мен бөлінген бөлімшелерін сәтті шығарып алды, сонымен бірге жұмыс күшін және технологияны сақтап қалды», - деп көрсетілген [4; 119]. Осымен бірге, Мәскеу үшін шайқастағы Б. Момышұлының ерлігін мойындаған вермахт полковнигі фон Хаупт өзінің естелігінде: «Тікелей Мәскеуге апаратын Волоколамск тас жолында біз бір қадам да шегінгілері келмеген жаңа Сібір дивизияларының бірбеткей қарсылығына тап болдық. Сібірліктер мұнараларында крест таңбаланған танктерден қорықпай, оларға қарсы қарумен шабуыл жасап, жолды тек өлілермен ғана тазартты. Міне, Бородино маңындағы Волоколамск тас жолының бойында, бұдан 130 жыл бұрын император Наполеон тағдырына тап болған ұрыс даласында Қызыл Армияшы Панфиловтың 32-сібір және 316-сібір атқыштар дивизиялары ең соңғы жауынгері қалғанша шайқасты. Бізде Мәскеуге шешуші соққы беретін танктер іс жүзінде қалмады» [5] деп атап көрсетеді.

1941 ж. аяғына қарай Б. Момышұлы капитан, соңынан майор атағына ие болды. 1942 ж. сәуірде 8-ші және 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясы немістің «Өлі бас» («Мертвая голова») СС 3-ші танк дивизиясымен соғысып, Демянск операциясына қатысады. Мысалы, 1942 ж. қысқы шайқаста Б. Момышұлы полк командирі ретінде «Өлі бас» СС дивизиясының қорларын, атап айтқанда 1200 жауды жойып, алты жолдың торабын жаулап алады. 1942 ж. 8 ақпанында Б. Момышұлы полкінің барлаушылар взводы Шельудьково районында 600 адамнан және 8 танктен тұратын жау сабына тап болып, оларға кездейсоқтан шабуыл жасап, 200 немісті жойып, маңызды құжаттарды алады [1].

Соғыс алаңында алған жарақаттарына байланысты 1943 ж. қарашада Б. Момышұлы госпиталдан емделіп шыққасын, 1944 ж. оқуға жөнелтіледі. 1944 ж. желтоқсанында К.Е. Ворошилов атындағы Жоғарғы әскери академияда офицерлік құрамды жетілдіру бойынша курстан өтеді. 1945 ж. қаңтарда Б. Момышұлыны 1-ші Прибалтика майданының 6-шы гвардиялық армиясының 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясы командирінің орынбасары етіп тағайындайды. 1945 ж. ақпан-наурызында Прекуле (Латвия) станциясынан солтүстік-батысқа қарай Б. Момышұлы басқарған дивизия қарсыластың үш қорғаныс шебін бұзып өтіп, 15 елді мекенді азат еткен.

Осымен бірге, әскери жедел-тактикалық ғылымда «Момышұлы спиралы» деп аталатын мобильді қорғаныс үшін арнайы түсінік қалыптасқан. Бұл күрестің тактикалық әдісі әлемнің жоғары әскери оқу орындарында оқытылуда. Теориялық тұрғыдан оны Панфилов жасаған, бірақ іс жүзінде оны алғаш қолданған Бауыржан Момышұлы болатын. Бұл тактиканың мағынасын Бауыржан Момышұлы келесідей сипаттайды: «Мен оны спираль деп атаймын, өйткені Мәскеу түбіндегі Панфилов шайқастарында дивизия жолды кесіп, жан-жаққа секіріп, жауды 10 шақырымға дейін алып жүретіндігімен сипатталады. Осындай маневрлермен жаудың күштері атқылап, біздің бөлімдер тағы да үлкен құрамға көтерілуде. Бұл жауды шаршатып, уақытты арттырды» [6].

1946 жылы I дәрежелі Суворов орденді К.Е. Ворошилов атындағы Жоғары Әскери академияның тыңдаушысы атанады. Ол 1948 жылы академияны аяқтағаннан кейін Қарулы Күштердің кадрында қалуден Қазақ КСР-інің армияға жәрдемдесу жөніндегі «ДОСАРМ» Ерікті қоғамы Орталық Комитетінің төрағасы болып тағайындалады. 1948 жылдың аяғына қарай полковник Бауыржан Момышұлы Құрлық әскерлері Бас қолбасшысының қарамағына қабылданып, Шығыс Сібір әскери округі 49-шы дербес атқыштар бригадасы командирінің орынбасары қызметін атқарады. Ол 1950 жылы Калининдегі В.М. Молотов атындағы Тыл және жабдықтау әскери академиясының жалпы тактика және шұғыл ұрыс өнері кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарады. [1]. Ол көптеген Кеңес Одағының генералдарына дәрістер берді, өзінің бойындағы қайсарлықпен, әділдікпен, соғыс жылдары әскери тактиканы

тапқырлығымен қалыптастырған, әскери педагогика мен әскери психологияда өте жоғары дәрежедегі батыр тұлға ретінде олардың мәңгі есінде қалды. Офицерлерді соғыстағы бай тәжірибесін пайдалана отырып, соғыс ғылымына үйретті. Академияда жұмыс істеп жүргенінде тактикадан алты, стратегиядан тоғыз еңбек жазған. Бұл еңбектер күні бүгінге дейін әскери салада маңызын жойған жоқ.

Осылайша, Б. Момышұлы әскер саласындағы ғалым ретінде соғыстан кейін әскери академияда қызмет атқарған кезде қалыптасады. Әскери академиядағы оқу мен жұмыс оған қисындық білімдер қорын кеңейтуге және қарулы процесін, әскери құрылыс процесін ауқымды ұғынып, көре білуге мүмкіндік берді. Генерал-полковник Голушко өзінің «Тыл солдаттары» деген кітабында былай деп жазған: «Біздің аудиториямызға үздік оқытушылардың жағымды ықпалы туралы айтқанда ең алдымен біздің көз алдымызда жартылай заңды аңызға айналған адам туралы айтпай кете алмаймын. Әңгіме жалпы тактика курсы оқыған полковник Бауыржан Момышұлы туралы болып отыр. Біз Момышұлының лекциясын үнемі қызығып күтетінбіз. Кез келген материалды ол тапқыр баяндайтын, конспекіден гөрі көбіне схемаға жүгінетін және әрбір тезисті ұрыс тәжірибесінің өнегелі мысалдарымен нығайтатын. Тактиканың күрделі мәселелерін ажырата отырып, бізді ойлаудың дербестігіне жан-тәнімен үйрететін» [7].

Бауыржан Момышұлы соғыстағы әскер қолбасшысының орны мен рөлін былайша айқындайды: «Солдат болу да оңай жұмыс емес, командирдің әскерді тәртіптендіруі де қиын іс. Ал соғысу одан да ауыр. Командир бағыныштыларға ғана емес, ең алдымен өзіне қатаң талап қойғыш болуға тиіс. Әскер тәртібін қатаң сақтау, оны бағыныштылардың санасына сіңіру, әскери ант пен борышты орындау, жауынгерлерді жақсы қасиеттерге тәрбиелеп, оларды соғыс ісіне үйрету — командирдің қасиетті борышы. Командирдің қаталдығы барынша әділ болып, қызмет бабындағы қажеттік пен нақты жағдайдың жалпы мүддесіне негізделуі тиіс. Командир ешқашанда солдат-жауынгердің адамдық қасиеттерін қорламауы керек». Оның тұжырымы бойынша: «...Ұрыс пен соғыс бұл ғылым ғана емес, сонымен қатар өнер. Командир – бұл творчестволық еңбектің адамы».

Соғыста көрсеткен ерлігі үшін I дәрежелі «Қызыл Ту» (2 рет), «Ленин», «Отан соғысы», «Әскери шайқастағы еңбегі үшін», «Мәскеуді қорғағаны үшін», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» және «Германияны жеңгені үшін» т.б. орден және медальдармен марапатталған.

Бауыржан Момышұлы әдебиетке ерекшелікпен келген екен. Оқырман қауым батырды алдымен шығармалардың авторы ретінде емес, шығармадағы ержүрек кейіпкер ретінде таныды. Дәлірек айтар болсақ, Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» («Волоколамское шоссе») повесі арқылы танылған болатын. Повестің басты кейіпкері панфиловшы офицер, Мәскеуді қорғауға қатысқан батыр — Бауыржан Момышұлы. А. Бек бұл еңбегін батырдың әңгімелері мен еске түсірулерінің желісімен жазған болатын.

Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы шығармашылық жұмыстарымен айналысқан. Ол өз білген, көргенін шығармаларына арқау етті. Оның қаламынан туындаған әңгіме, повесть, романдар оқырмандарды қызықтырды. «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Москва үшін шайқас», генерал И.В. Панфилов туралы «Біздің генерал» өмірбаяндық повесінің, «Ұшқан ұя», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан», «Куба әскерлері» атты шығармалардың авторы. Мысалы, «Ұшқан ұя» кітабында Бауыржанның балалық шағы, өскен ортасы, әкесімен өткізген оқиғалары баяндалады. Қазақ ауылы, халықтың жағдайы шынайы суреттер арқылы берілген [8].

Бауыржан атаның өміріне арналған Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» (1976) романдиалогиясы жарық көрді, «Қазақфильм» киностудиясы «Ел басына күн туса» (1967) атты көркем фильмін түсірді. Москва академиялық драма театры Момышұлы туралы «Волоколамск тас жолы» спектаклін қойған.

Осылайша, әскери ойдың даму тарихында Б. Момышұлының теориялық және тәжірибелік мұрасы ерекше орынға ие. Мысалы, оның «Соғыс психологиясы» деп аталатын еңбегінде оперативті өнердің стратегиясы мен тактикасы, оның негізі, соғыстағы моральдік және материалдық фактордың рөлі, педагогика мен психологияның арнайы мәселелері және Ұлы Отан соғысы кезеңінің әскери тәжірибесі қарастырылған [9].

Б. Момышұлы айтқандай, «Мен соғыс туралы айтсам да, жазсам, соғысқа қарсы жаздым» деген сөзінен батырдың елдің-жердің амандығын, бейбіт өмірді аңсағаны сөзсіз. «Соғыс психологиясы» — атакты қолбасшы Б. Момышұлының әскери қайраткер ретіндегі ұрпаққа ұлағат етіп қалдырған әскери-теориялық және рухани ұлағаттық еңбегі. Оның әскери тактикалық, жеке құрамды тәрбиелеу және оқыту, командалық кадрларды дайындау саласындағы зерттеулері терең кешенді талдау және әскери іс-тәжірибесінде кең түрде қолдануды талап етеді. Өзінің әскери-теориялық көзқарастары және ойлары, пікірлері «Соғыс

психологиясы» атты еңбегінде жан-жақты талданған. Сонымен қатар оперативтік соғыс өнері және соғыс тактикасының рөлі мен орны, ұрыстың қорғаныс және шабуыл ерекшеліктері, әскери айла қолдану, әскери тәртіп, патриоттық тәрбие, офицерлерді оқыту-үйрету мәселелері айтылған.

Осымен бірге, әскери педагог, жазушы, патриот, батыр Бауыржан Момышұлы ұлттық дәстүрлердің негізінде ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеудің маңызын өз жазбаларында көрсетіп, ұл бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Мысалы, адам бойындағы басты сезім, парыз сезімін ұштап, тәрбиелеу туралы былайша түсінік береді: «Парыз дегеніміз — өзінің мағыналық аясына ақыл-ой, сезім, ерік-жігер, ар-ождан, абырой, әділдік, шындық, сүйіспеншілік сияқты қасиеттерді қамтып, оларды адам өміріндегі қайшы құбылыстарға қарама-қарсы қоятын жоғары интеллектуалды ұғым. Өз парызын саналы түрде түсіну ғана солдатты бәрінен де жоғары қояды, оның мәртебесін көтере түседі, жаман ниетті қылықтардан — қорқақтық пен опасыздықтан сақтандырады. ... Парыздан асқан қасиет жоқ. Парыздан дана кемеңгер жоқ. Парыздан қатал жаза жоқ. Парыздан түзу соқпақ жоқ. Парыз — инабаттылық негізі. Парыз — сүйіспеншілікке шабыттандырушы. Парыз — жан-тәнімен берілгендік негізі. Парыз — сенімділік тірегі. Парыз — өжеттік баспалдағы. Парыз — ерлік рухы. Парыз — ар-ождан іргетасы. Парыз — абырой қорғаны. ... Парыз сезімін, советтік патриотизм сезімін терең ұғынбайынша, совет офицері мен солдатының бейнесін түсіне алмайсың, өйткені парыз сезімі қиындықтан қайтпай, дұшпанның алдында тайсалмай шайқасып Отан үшін ақтық демі біткенше қызмет етуге әзір болу сезімінен туады» [10; 125-127]. Сондай-ақ батыр ұлттық парыз туралы: «Ұлттық парыз — Отанға деген сүйіспеншілік, сыртқы жаулардан елін, жерін аман сақтап, ата-баба дәстүріне өте сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарау. Парыз сезімі қиындықтан қаймықпай, қарсы келген дұшпанмен тайсалмай шайқасып, Отан үшін ақтық демі біткенше қызмет етуге даяр болу сезімінен туады, нәтижесінде бұл тікелей ерлік істерге итермелейді. Ерлік — табиғат сыйы емес, ең алдымен өзіңнің арнамысыңды және азаматтық абыройыңды ұятқа қалу, опасыздық пен маскара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін, азаматтық парызын орындау үшін осындай адамгершілік теңдікте өзіңмен сайысқа түсе отырып, тұтас коллектив өмірінің игілігін ғана емес, қауіп-қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою...», - дейді [11; 25].

Жалпы Бауыржан Момышұлының ерен еңбектері мен қоғамдық қызметі, оның шығармашылығы мен қалдырған рухани мұрасы қазіргі кездегі көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналып, қоғамдық қорлар құрылып, оның көптомдық шығармалары жариялануда.

Қорытынды

Бауыржан Момышұлы — мұқалмас ерлік-жігерлі, күш-қайратты, танымды, ақыл-парасатты тұлға. Ұлы Отан соғысы жылдарында қатал әскери басшы ғана болып қана қойған жоқ, сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің тамаша жетекшісі, білгір тәрбиешісі де бола білген. Оның ерлік жолы өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі.

Қорытындылай келе, Ұлы Отан соғысында, соның ішінде Мәскеу үшін шайқаста ерекше ерлігімен әлем халықтарына есімі аңыз болып тараған гвардия полковнигі, қазақ батыры, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының өмірін — өнеге, жазған мұраларын — патриоттық өсиет, құндылығын жоғалтпайтын мол қазына деп атап көрсетуге болады. Бауыржан Момышұлының ерлігі, өмірлік ұстанымы мен ерекше азаматтық бейнесі, туған тарихына, ана тіліне, дәстүріне, ұлтына деген асқан сүйіспеншілігі оның қайталанбас феномен екендігін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Проект «Мәңгілік ел алыптары». Бауыржан Момышұлы. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://elbasylibrary.gov.kz/ru/news/proekt-mngilik-el-alyptary-bauyrzhan-momyshuly>.
- 2 Бауыржан Момышұлы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://biographe.ru/politiki/bauyrzhan-momyshuly/>.
- 3 Чистяков И.М. Служим Отчизне / И.М. Чистяков. — М.: Воениздат, 1985. — 288 с.
- 4 Серікбаев К. Бауыржан Момышұлы және қазіргі заман / К. Серікбаев // Қазақ халқының қаһарман ұлы — батыр Бауыржан Момышұлы. Ұлы тұлғалар сериясы. — Алматы, 2011. — Б.119-128.
- 5 100-летие легендарного защитника Москвы, Героя Советского Союза — Бауыржана Момышұлы (1910–1982). [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.trepashkin.com/news/articles?id=202>.
- 6 Момышұлы Б. За нами Москва: Записки офицера / Б. Момышұлы. — М.: Воениздат, 1988. — 256 с.
- 7 Карамандаев К. Вклад Бауыржана Момышұлы в развитие военного искусства [Электронный ресурс]. / К. Карамандаев. — Режим доступа: https://old-site.karlib.kz/victory/bauke_karamandaev.pdf.
- 8 Момышұлы Б. Наша семья: Повести и рассказы / Б. Момышұлы. — 7-е изд. — Алма-Ата: Жазушы, 1974. — 489 с.

9 Момышұлы Б. Психология войны / Б. Момышұлы. — Алма-Ата: Казахстан, 1990. — 240 с.

10 Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап [Көптомдық шығармалар жинағы]. 16 том. / Б. Момышұлы. — Алматы: «Өнер», 2010. — 272 б.

11 Момышұлы Б. Ел басына күн туса / Б. Момышұлы. — Алматы, 1970. — 319 б.

Б.А. Амалбекова, Б.Қ. Исабек

Проблема персоналистики в истории и жизнь, деятельность Бауыржана Момышұлы

Бауыржан Момышұлы — выдающаяся личность в истории Казахстана. Герой, писатель, неординарная личность. Его книги пронизаны патриотизмом. Они стали первыми литературными произведениями военного жанра в истории нашей страны. В связи с этим авторами настоящей статьи на основе библиографического метода рассмотрены жизнь, деятельность и вклад Бауыржана Момышұлы в победу над врагом в Великой Отечественной войне и битве за Москву. Кроме того, уделено внимание формированию воинских соединений на территории Казахстана, оценены творческая деятельность и произведения Б.Момышұлы после Второй мировой войны.

Ключевые слова: Бауыржан Момышұлы, Великая Отечественная война, битва за Москву, история Казахстана, труды Б. Момышұлы.

B.A. Amalbekova, B.K. Isabek

The problem of personalistics in history and life, the activities of Bauyrzhan Momyshuly

Bauyrzhan Momyshuly is an outstanding personality in the history of Kazakhstan. Hero, writer, extraordinary personality. The author's books are permeated with patriotism. They became the first literary works of the military genre in the history of our country. In this regard, the article examines the life and work of Bauyrzhan Momyshuly based on the bibliographic method. The article discusses the contribution of B. Momyshuly to the victory over the enemy in the Great Patriotic War and the battle for Moscow. The authors pay attention to the organization of military formations on the territory of Kazakhstan, evaluate the creative activity and works of B. Momyshuly after the Second World War.

Keywords: Bauyrzhan Momyshuly, the Great Patriotic War, the battle for Moscow, the history of Kazakhstan, the works of B. Momyshuly

References

- 1 Proekt «Mangilik el alyptary». Bauyrzhan Momyshuly [Project “Eternal Year Bears”. Bauyrzhan Momyshuly]. Retrieved from <https://elbasylibrary.gov.kz/ru/news/proekt-mngilik-el-alyptary-bauyrzhan-momyshuly> [in Russian].
- 2 Bauyrzhan Momyshuly [Bauyrzhan Momyshuly]. Retrieved from <https://biographe.ru/politiki/bauyrzhan-momyshuly/> [in Russian].
- 3 Chistiakov, I.M. (1985). Sluzhim Otchizne [We serve the Motherland]. Moscow: Voenizdat [in Russian].
- 4 Serikbaev, K. (2011). Bauyrzhan Momyshuly zhane qazirgi zaman [Bauyrzhan Momyshuly and modern times]. *Qazaq khalkynyn khaharman uly — batyr bauyrzhan Momyshuly. Uly tulgalar seriiasy — Heroic son of the Kazakh people — Hero Bauyrzhan Momyshuly. A series of great personalities*, Almaty, 119-128 [in Kazakh].
- 5 100-letie legendarnogo zashchitnika Moskvy, Geroia Sovetskogo Soiuz — Bauyrzhana Momyshuly (1910–1982) [100th anniversary of the legendary defender of Moscow, Hero of the Soviet Union — Bauyrzhan Momyshuly (1910-1982)]. Retrieved from — Rezhim dostupa: <http://www.trepashkin.com/news/articles?id=202> [in Russian].
- 6 Karamandaev, K. Vklad Bauyrzhana Momyshuly v razvitie voennogo iskusstva [Contribution of Bauyrzhan Momyshuly to the development of military art]. Retrieved from https://old-site.karlib.kz/victory/bauke_karamandaev.pdf [in Russian].
- 7 Momyshuly, B. (1988). Za nami Moskva: Zapiski ofitsera [Moscow is behind us: Notes of an officer]. Moscow: Voenizdat [in Russian].
- 8 Momyshuly, B. (1974). Nasha semia: Povesti i rasskazy [Our family: Tales and stories]. Alma-Ata: Zhazushy [in Russian].
- 9 Momyshuly, B. (1990). Psikhologiiia voiny [Psychology of war]. Alma-Ata: Kazakhstan [in Russian].
- 10 Momyshuly, B. (2010). Qanmen zhazylygan kitap. Koptomdyq shygarmalar zhinagy [A book written in blood. Multivolume collection of works]. Vol. 16. Almaty: «Oner» [in Kazakh].
- 11 Momyshuly, B. (1970). El basyna kun tusa [When the sun shines on the country]. Almaty [in Kazakh].